

## Заң шығару қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 2 ақпандағы N 15-ө Өкімі

Заң шығару қызметін жетілдіру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі:

орталық атқарушы органдардың заң шығару қызметін тиісінше үйлестіру;  
заң жобаларының заңдық сараптамасының сапасын арттыру және әзірленетін заң жобаларының Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына және өзге де заңдарға сәйкестігін қамтамасыз ету;

дағдарысқа қарсы шараларды құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін егжей-тегжейлі пысықтау;

заң жобаларының тұжырымдамаларын жан-жақты және кешенді пысықтау;  
заң жобалары ғылыми сараптамасының сапасын арттыру жөніндегі жұмысты жүргізу;

Қазақстан Республикасы заңдарының мониторингін жылдам енгізу мәселесін пысықтау;

Заң жобалау жұмыстарының 2009 жылға арналған жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз ету;

болжау-талдау жұмысын жақсарту және заң жобалау қызметін жоспарлау;  
тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне орталық атқарушы органдардың ағымдағы заң шығару қызметіндегі проблемалық мәселелер туралы ақпарат беру жолымен заң шығару қызметінің сапасының қамтамасыз етілуін бақылауды күшейтсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.12.2014 № 1401 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Орталық атқарушы органдардың бірінші басшылары:

заң жобаларын Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу кезінде Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаті мен Мәжілісі және Қазақстан Республикасының Үкіметі регламенттерінің мүлтіксіз сақталуы;

Қазақстан Республикасы Парламентінің жалпы отырыстарына бірінші басшылардың, Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссияларының отырыстарына - бірінші басшылардың орынбасарларының, жұмыс топтарының отырыстарына - мәртебесі департамент директорынан төмен емес лауазымды тұлғалардың міндетті түрде қатысуы;

Қазақстан Республикасының Парламентінде заң жобалары бойынша баяндамашыларды ауыстыру практикасын тоқтату;

Қазақстан Республикасының Парламентінде заң жобаларын сындарлы, оның ішінде заң жобалары бойынша ғылыми құқықтық және өзге де сараптамалар жүргізуді жүзеге асыратын сарапшыларды тарта отырып талқылау; қабылдануы мемлекеттік кірістердің қысқаруына немесе мемлекеттік шығыстардың ұлғаюына әкеп соғуы мүмкін заң жобаларын және депутаттар бастамашылық жасаған түзетулерді Республикалық бюджет комиссиясының қарауына уақтылы шығару; заңдарды қабылдаудың ұсынылатын нормативтік құқықтық реттеу тетіктерінің, ықтимал әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарын талдаудың ғылыми және қаржылық негізділігін қамтамасыз ету;

мемлекеттік тілде заң жобаларын дайындаудың әрі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі заң жобалары мен халықаралық шарттар мәтіндерінің тең түпнұсқалығы ж а й - к ү й і н ж а қ с а р т у ;

жоғарыда көрсетілген мәселелерге тікелей жетекшілік ететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін арттыру жөнінде шаралар қабылдасын.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.12.2014 № 1401 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Осы өкімнің іске асырылуына жеке жауапкершілік орталық атқарушы органдардың бірінші басшыларына жүктелсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

*К. Мәсімов*